

Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналастырылуын бекіту туралы

Күшін жойған

Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 14 қыркүйектегі № 3/496 қаулысы. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2023 жылғы 19 қыркүйекте № 1738 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2026 жылғы 9 ақпандағы № 1/77 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 09.02.2026 № 1/77 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы" Заңының 5 бабының 7) тармақшасына сәйкес Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналасуы бекітілсін.

2. Алматы қаласы әкімдігінің "Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналасуын бекіту туралы" 2012 жылғы 6 қарашадағы № 4/945 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 956 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. "Алматы қаласы Дін істері жөніндегі басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Алматы қаласы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді ;

2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласының әкімі

Е. Досаев

Алматы қаласы әкімдігінің
2023 жылғы 14 қыркүйектегі

Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналасуы

Ескерту. Орналасуға өзгерістер енгізілді - Алматы қаласы әкімдігінің 27.09.2024 № 3/523 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

№	Атауы	Мекенжайы
1.	"Гулянда" сауда үйі	Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 112 үй
2.	"Меломан-Marwin" дүкені	Алматы қаласы, Гоголь көшесі, 58
3.	"Алматыкітап баспасы" дүкені	Алматы қаласы, Гоголь көшесі, 108
4.	"Алматыкітап баспасы" кітап дүкені	Алматы қаласы, Қабанбай көшесі батыр, 109
5.	Алматыкітап баспасы" кітап дүкені	Алматы қаласы, Абай даңғылы, 35/37
6.	"Kitapal.kz" дүкендер желісі	Алматы қаласы, Мақатаев көшесі, 128a
7.	"Гулянда" сауда үйі	Алматы қаласы, № 11 шағынаудан, 27 үй
8.	"Алматыкітап баспасы" кітап дүкені	Алматы қаласы, Жандосов көшесі, 57
9.	"Ummastore.kz" кітап дүкені	Алматы қаласы, Астана шағын ауданы, 1/10 үй
10.	"Меломан-Marwin" дүкені	Алматы қаласы, Розыбакиев көшесі, 247a "Mega Center Alma-Ata" ойын-сауық орталығы,
11.	"Меломан-Marwin" дүкені	Алматы қаласы, Сәтбаев көшесі, 90 "ADK" ойын-сауық орталығы
12.	"Кітап" кітап дүкені	Алматы қаласы, Тимирязев көшесі, 75
13.	"Академкнига" кітап дүкені	Алматы қаласы, Назарбаев даңғылы, 91/97
14.	"Алматыкітап баспасы" кітап дүкені	Алматы қаласы, Майлин көшесі, 224a

15.	"Иордан" кітап дүкені	Алматы қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 75 в
16.	"Шамей қызы Закен" жеке кәсіпкер	Алматы қаласы, Пушкин көшесі, 20 үй, 15 пәтер
17.	"Болат" жеке кәсіпкер	Алматы қаласы, Пушкин көшесі, 20 үй
18.	"Книжный мир семьи" дүкені	Алматы қаласы, Абай даңғылы, 34/96 үй
19.	"Ерқокше Салих" жеке кәсіпкер	Алматы қаласы, Солтүстік айналым көшесі, 7 үй, "Байсат" сауда орталығы, 11 қатар , 10 бутик
20.	Книга-НВ", книжный магазин " Книжный город" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Алматы қаласы, Розыбакиев көшесі, 281 үй
21.	Рахманов Кадылбек Серикович	Алматы қаласы, Солтүстік айналым көшесі, 7 үй, "Байсат" сауда орталығы, 5-қатар, № 42 бутик
22.	Мыктыбаев Назаркул Жаксыгулович	Алматы қаласы, Солтүстік айналым көшесі, 7 үй, "Байсат" сауда орталығы, 14-қатар , № 1-3 бутик
23.	"Ummabook" жеке кәсіпкер	Алматы қаласы, Рысқұлов даңғылы, 65, "литер А" әкімшілік ғимараты, 1-қабат, № 4 кеңсе
24.	"Jaluzi" жеке кәсіпкер	Алматы қаласы, Ырысты көшесі, 46/2, "Бақорда" сауда орталығы, 2-қабат , № 109 кеңсе
25.	Ақбаров Фахриддин Мамиржанович	Алматы қаласы, Солтүстік айналым көшесі, 7 үй, "Байсат" сауда орталығы, 5-қатар, № 1 бутик
26.	"Умирбеков" жеке кәсіпкер	Алматы қаласы, Солтүстік айналым көшесі, 7 үй, "Байсат" сауда орталығы, 5-қатар, № 3 бутик
27.	"Ибрагимов" жеке кәсіпкер	Алматы қаласы, Ырысты көшесі, 46/2, "Бақорда" сауда орталығы, 2-қабат , № 4 кеңсе
28.	"Сауранбекова" жеке кәсіпкер	Алматы қаласы, Солтүстік айналым көшесі, 7 үй, "Байсат" сауда орталығы, 11-қатар , № 12 бутик
		Алматы қаласы,

29.	"Алтын парақ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Солтүстік айналым көшесі, 7, "Байсат" сауда орталығы, сектор-Б, № 1 А контейнері
30.	"Lugat" жеке кәсіпкері	Алматы қаласы, Алатау ауданы, Самғау шағын ауданы, Ырысты көшесі, 46/2а мекенжайында орналасқан "Строй Сити Бақорда" сауда орталығының №26 бутигі
31.	"Иманбетов" жеке кәсіпкері	Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Солтүстік айналым көшесі, 7 мекенжайында орналасқан "Байсат" сауда орталығының 14 қатары, №10 бутигі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК